

21. 03. 2015 ж.

Басын бәйгеге тіккен

Есқали Ө.

Тұғыры бөлек тұлғаға, ұлт үшін туған жампозға ескерткіш-мүсін орнатылып, мұражай ашылды

«Әр уақытта менің жүрегімнің төрінен орын алатын менің ер інім – Жұмабек». Дуалы ауыз Ғабит Мүсірепов Н. Хрущевтің құрық бойламайтын зымияндық саясаты салдарынан қазақтың ұлан-байтақ жері бөлшектеніп кете жаздаған тұста арыстандай айбат, жолбарыстай қайрат көрсетіп, ел тұтастығының сақталып қалуына себепкер болған ұлтжанды азаматтың ерлігін осылай бағалаған екен. Ол кездері бодандық қамытын киіп, отарлаудың теперішін әбден тартқан қазақ халқының жанайқайын Мәскеудегі билікке ашық айту мүмкін емес-тұғын. Басына қара бұлт үйірілетінін, қызметтен шеттетілетінін, қуғындауға түсетінін біле тұра екінің бірі тәуекел ете бермейтін қадамға баруын көзсіз ерліктен гөрі ата-бабамыз қасық қанымен қорғап, кейінге аманаттап кеткен атамекенге деген зор сүйіспеншіліктің ерен үлгісі деп түсінген дұрыс болар.

Солтүстікқазақстандықтар үшін де Жұмабек Тәшеновтің орны бөлек. Саналы ғұмырының бес жылын Қызылжар өңірінде (1947-1952 жылдары-облатком төрағасының орынбасары, төрағасы) өткізген оның экономиканы, мәдениетті, руханиятты дамытуға қосқан үлесі өлшеусіз. Демек, нар тұлғалы азаматты қалай ұлықтасақ та жарасады. Көптен бері есімі елеусіз болып келген мемлекет және қоғам қайраткерінің 100 жылдық мерейтойы қарсаңында Петропавл қаласындағы № 20 мектепке атын беру туралы көпшіліктің ұсыныстары Үкімет тарапынан қолдау тапты. Енді, міне, ұлттық тәлім-тәрбие беретін оқу ордасы алдына ескерткіш-мүсін орнатылып, марқұмның туған-туыстарының, зиялы қауым өкілдерінің, жастардың, оқушылардың қатысуымен өткен салтанатты шара ерекшелігімен есте қалды.

Облыс әкімі Ерік Сұлтанов жиналғандарды айтулы оқиғамен құттықтап, тағылымды да тәлімді істері халық жадында өшпестей сақталып қалған тұлға жайлы толғана сөйледі. Марқұмның ұлы Саян Жұмабекұлы әке жайлы жылы естеліктермен, әр жылдары қызмет атқарған Солтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Жақсылық Ысқақов, Григорий Кухарь, тағы басқалары жарқын бейнесі жайлы әсерлерімен бөлісті.

Ескерткіш-мүсіннің авторы, В. Суриков атындағы Мәскеу мемлекеттік академиялық көркемсурет институтының түлегі, бүгінде Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының кафедра меңгерушісі қызметін атқаратын Мәлік Жүнісбаевтың есімі де қызылжарлықтарға жақсы таныс. Кезінде Үкілі Ыбырайдың мүсінін тамаша сомдаған шеберге таңдаудың түсуі бекер емес. Оның өзіне жүктелген міндетті үлкен жауапкершілікпен атқарып шыққаны бірден аңғарылады. Парасатты келбет, қайсар рух мүсінде керемет келісім тапқан.

Айтулы шараға мектеп басшылығы, мұғалімдер мен оқушылар ерекше ыждаһаттылықпен дайындалыпты. «Қайсар рухты азамат» деп аталатын стендте мол мағлұматтар топтастырылыпты. Мәртебелі қонақтар мұражайдың тұсаукесеріне қатысып, қайраткердің жеке заттарымен, еңбек, өмір жолдарынан сыр шертетін шығармалармен, естеліктермен танысты.

– Мектепте 2010 жылдан бері «Іздеу» тобы жұмыс істейді. Оның мүшелерінің тынымсыз ізденістері арқасында көптеген тың деректер жиналды. Көрші облыстардан қолжазбалар, жәдігерлер алынды. Шымкент қаласына дейін барып қайттық, – деді сөйлескенімізде тарих пәнінің мұғалімі Клара Молдахметова.

Акт залында жас өрендер ұйымдастырған әдеби-композициялық кешке Ж.Тәшеновтің келіні Фатима Садыққызы ризашылы



